ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№04 (138), мамыр, 2021 жыл




# ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

**Құрметті әріптестер!**

Біз Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде күрделі және ықтимал қауіпті жұмыстарды орындай отырып, ірі мұнай компаниясында жұмыс істейміз. 2020 жыл біздің сала үшін оңай болған жоқ, бірақ барлық сын-қатерлерге қарамастан, біз өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін едәуір жақсарттық.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (IOGP) кірген сәттен бастап алғаш рет жарақаттылық және жол-көлік оқиғаларының коэффициенттері IOGP орташа салалық көрсеткіштерінен төмен болды. Бұған ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің көп жылғы мақсатты жұмысы, Директорлар кеңесінің көшбасшылығы мен қолдауы, үздік салалық практикаларды енгізу ықпал етті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының тарихында алғаш рет жыл еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларсыз аяқталғанын ерекше атап өту қажет.

Біздің өндірістік объектілерімізде қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін үлкен ұжымның әрбір қызметкеріне алғысымды білдіргім келеді.

Дегенмен, былтыр жазатайым оқиғалар мен жазатайым жағдайлар орын алғандықтан, бүгінгі таңда біздің алдымызда ортақ міндет тұр - кем дегенде, біздің көрсеткіштерімізді ағымдағы деңгейде сақтап, оларды үнемі жақсарту. Болашақта біздің бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өмір мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін.



Бекітілген Экологиялық саясатқа сәйкес ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын сақтайды.

Біз экологиялық жауапты бизнес жолын ұстануды жалғастырамыз, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытамыз, барлық мүдделі тараптармен диалог жүргіземіз. Нәтижесінде, ҚМГ Ресейдің WWF, Ұлттық рейтингтік агенттік пен Creon Group тәуелсіз сарапшыларының бағалау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде қатарынан 4 жыл 1-ші орын алуда.

Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі қабылданды. Ел декарбонизациялауға және экологиялық талаптарды күшейтуге бет бұрды, ең озық көлжетімді техникаға көшу және қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту нормалары енгізілуде.

Осыған орай, экологиялық қауіпсіздікке назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға тиетін әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптарға және жаһандық үрдістерге сәйкестік үшін шаралар қабылдау мақсатында, мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша 2021 жылды Экология жылы деп жариялау туралы шешім қабылдадым.

Коронавирустық инфекция пандемиясының таралу қарқынының жалпы төмендеуіне қарамастан, ол әлі де адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді және кәсіпорындардың, оның ішінде біздің кәсіпорындардың қызметіне белгілі бір шектеулер қояды. Сондықтан да, ағымдағы жылы бәрімізге профилактикалық шаралар мен санитариялық талаптарды орындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық қызметкерлерімізді халықты вакцинациялау жөніндегі мемлекеттік науқанға белсенді қатысып, мүмкіндік пайда болғаннан кейін коронавирусқа қарсы екпе алуға шақырғым келеді.

Біздің қызметкерлеріміз - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін ең жоғары құндылық, сондықтан да біздің басты міндетіміз - кәсіпорындарымызда жұмыс істейтіндердің барлығының өмірі мен денсаулығын сақтау.

Әрқайсымыз еңбек күнінен кейін отбасымызға аман-есен оралуымыз үшін сіздерді өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың қарапайым қағидаларын сақтауға шақырамын.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**
**Басқармасының төрағасы**
**А. Айдарбаев**



ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

***ЛИЧНАЯ ПРИВЕРЖЕННОСТЬ – 2021***

**Я привержен развивать культуру безопасности труда посредством:**

1. ***Пропаганды Политики в области охраны труда и промышленной безопасности;***
2. ***Пропаганды Экологической политики;***
3. ***Обеспечения соблюдения работниками Кодекса в области безопасности и охраны труда «Золотые правила»;***
4. ***Контроля за исполнением поручений Совета Директоров АО НК «КазМунайгаз» в области ПБ, ОТ и ОС;***
5. ***Проведения еженедельных аппаратных совещаний с принятия информации о состоянии ПБ, ОТ и ОС;***
6. ***Руководства Командой по управлению кризисными ситуациями;***
7. ***Поддержания передовых инициатив в области ПБ, ОТ и ОС;***
8. ***Пропаганды важности соблюдения профилактических мероприятий по нераспространению коронавирусной инфекции;***
9. ***Стимулирования работников АО НК «КазМунайгаз» к ведению здорового образа жизни;***
10. ***Объявления 2021 года по группе компании АО НК «КазМунайгаз» - Годом экологии.***

**Председатель Правления**
**АО НК «КазМунайГаз»**

**Айдарбаев А.С.**

**«14» 01 2021 г.**

# ВАКЦИНАЦИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ



28 апреля, состоялось очередное заседание Команды по управлению кризисными ситуациями АО НК «КазМунайГаз», в котором приняло участие руководство КМГ, оперативные штабы дочерних организаций, представители медицинских организаций.

В ходе совещания участники обсудили вопросы организации вакцинации работников группы КМГ. Заместитель председателя Правления КМГ Даурен Карабаев подчеркнул, что национальная компания уделяет особое внимание вопросам обеспечения безопасности жизни и здоровья своих сотрудников. В этом плане сообщается, что АО «Самрук-Казына» профинансировало закуп 1 млн. доз вакцины, которые предназначены для вакцинации коллективов группы Фонда.

В свою очередь директор департамента охраны труда и окружающей среды КМГ Кайрат Сактаганов отметил, что работники предприятий КМГ принимают активное участие в прививочной кампании. На сегодняшний день первый компонент вакцины уже получили порядка 2-х тысяч работников группы КМГ. До первых руководителей дочерних организаций были доведены текущие задачи и поручения Фонда и руководства КМГ в части ускорения темпов вакцинации работников, максимально широкого охвата персонала вакцинацией и доведения до каждого работника и подрядчика информации о ее важности для формирования коллективного иммунитета.

**«Munaily meken»**

*COVID-19*

# ҚОҒАМ САУЛЫҒЫ - ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ!



**Құрметті әріптестер!**

Компания үшін өз қызметкерлерінің денсаулығы мен олардың отбасыларының амандығы қашан да бірінші орында тұрады. Бұл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ұстанатын кадрлық және әлеуметтік саясаттың түп негізі. Сондықтан, қызметкерлер өміріне қандай да бір қауіп төнетін жағдайлар болса, Компания басшылығы олардың алдын алуға және мүлдем болдырмауға барлық амалдарды қолдануға даяр.

Мәселен, елімізде індет белгілері пайда болып, төтенше жағдай жарияланған алғашқы күндерден бастап-ақ, Компания ұжымының басым бөлігі қашықтықтан жұмыс жасау әдісіне көшірілді. Елде жеке қорғаныш құралдарымен қиындықтар болып жатқанда да - Компания өз қызметкерлерін қорғаныш маскасы, антисептик, гигиеналық қолғап сынды бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз етіп келді. Кенорындарда да бірегей сақтық шаралары алынды. Соның арқасында, қызметкерлер арасында Коронавирус инфекциясының таралуына тосқауыл қойылды. Бұл өз кезегінде Компанияда қызмет ететін азаматтардың отбасы мүшелері үшін де вирус жұқтыру қаупін төмендеткені сөзсіз.

Алайда, сіз бен біз жасап жатқан амалдарға қарамастан, коронавирус инфекциясының таралу қарқыны төмендер емес. Соңғы күндері вирус қайта өршіп, Маңғыстау облысы қауіптілігі жоғары қызыл аймаққа енді. Қазір тәулігіне ондаған адам індетке шалдығып, хал үстінде жатыр.

Әлем ғалымдарының пайымдауынша, вирусты ауыздықтаудың жалғыз жолы – ұжымдық иммунитет қалыптастыру. Ал оған, өз кезегінде, COVID-19 вирусына қарсы екпе алу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Сондықтан, бүгін мен және Компанияның бір топ қызметкерлері өзімізді және отбасымызды, бізді қоршаған азаматтарды вирус жұқтыру қаупінен қорғау үшін вакцина алу туралы шешім қабылдап, вакцинаның бірінші екпесін жасаттық.

Осы орайда баршаңызды елімізде жүріп жатқан вакцинация науқанына қатысуға шақырамын. Өзіңізді қорғаңыз – отбасыңызды қорғаңыз!

**Құрметпен,**

**Бас директордың**
**бірінші орынбасары**
**Қ.Ә.Ізмұханов**

*Актуально*

# ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОСТИ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ!

**Вопросы промышленной безопасности, охраны труда и окружающей среды обсуждались на совещании 22 апреля с участием руководителей АО «НК «КазМунайГаз», нефтегазодобывающих и нефтесервисных компаний Казахстана.**

Совещание проходило в режиме видеоконференции, его участники подробно рассказали о работах, проводимых в области охраны труда, экологии и промышленной безопасности.

В частности, заместитель директора ДТБОТиООС АО «Мангистаумунайгаз» Аманкос Мунгалов отметил, что в целом в компании по всем ключевым показателям безопасности и охраны труда наблюдается положительная динамика. Например, по сравнению с предыдущими годами заметно снизилось количество несчастных случаев. В 2020 году произошел один несчастный случай: 9 ноября работник ПУ «Жетыбаймунайгаз» получил травму спины в ходе уборки территории (травма отнесена к категории легких). Показатель травматизма за 2020 год равен 0,15., что соответствуют требованиям «Международной ассоциации производителей нефти и газа» и меньше среднего показателя травматизма по группе АО «НК «КазМунайГаз».

В области охраны окружающей среды, в 2020 году АО «Мангистаумунайгаз» проделана большая работа по утилизации и очистке исторических отходов и нефтезагрязненных земель: было запланировано на утилизацию/очистку 335 тыс. тонн, фактическое исполнение составило 366 тыс. тонн.



Также Аманкос Мунгалов подробно рассказал о мероприятиях, проводимых по линии промышленной и пожарной безопасности, транспортной безопасности, мероприятиях по борьбе с COVID-19, планах по внедрению корпоративных документов по ПБ, ОТ и ООС т.д.

Подводя итоги совещания, директор департамента добычи нефти и газа АО «НК «КазМунайГаз» Даулетжан Хасанов призвал всех участников уделить особое внимание вопросам соблюдения правил техники безопасности и держать данный вопрос на постоянном контроле.

*Социальные проекты*

# ЧИСТО И БЫСТРО

**На днях в вахтовом поселке месторождения Каламкас состоялось торжественное открытие прачечного комплекса. В церемонии открытия принимали участие первый заместитель начальника ПУ «Каламкасмунайгаз» Махсат Нургабылов, директор департамента административно-социальных вопросов АО «Мангистаумунайгаз» Нурлан Илмуханбетов и начальник ЖЭЦ ТОО «CASPIAN FOOD» Халида Масалимова.**



Новый прачечный комплекс с дезинфекционной камерой площадью 432 кв. метра, оснащен автоматизированными стиральными машинами, сушильными шкафами, машиной сухой химической чистки, швейными станками, гладильным столом и т.д.

- Если раньше на Каламкасе производилась только стирка спецодежды, то в новом прачечном комплексе будет производиться и стирка личных вещей нефтяников, расчётный объем 200 кг в сутки, а также химическая чистка, - говорит Халида Масалимова. – Важно отметить, что с помощью дезкамеры можно будет проводить дезинфекцию вещей, что весьма актуально в период пандемии. Кроме того, что при комплексе открыта и швейная мастерская, если например, что-то из одежды порвалось, то можно сразу на месте зашить, что тоже весьма удобно.



Прачечный комплекс это уже третий объект, открытый с начала года на месторождении, напомним чуть ранее на Каламкасе были введены в эксплуатацию новая столовая и новый производственно-лабораторный комплекс.



*Тыл ардагері*

# ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ



**Жеңістің 76-шы көктемі биыл майдангерлерсіз келді. "Келместің кемесіне" отырған 41- жылдың бозбалалары бейбітшілікті, Тәуелсіздікті бізге аманаттап, жер бетінде адамзат баласы қанды қырғынды көрмегей, келер ұрпақтың заманы жақсы болғай деген тілекпен өмірден өтті. Арттарында тағлым, өнеге, тәрбие қалды.**

**Уақыт озады, ұрпақ ауысады. Жылдар ілгері жылжыған сайын Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің шоқтығы биіктеп, қадірі мен бағасы арта бермек!**

**"Бәрі де майдан үшін" деп балалық шағын Жеңісті жақындатуға арнаған тыл ардагерлері біз үшін қазір майдангер мұнайшылардың көзіндей. Бүгінгі таңда аттары аңызға айналған Қамқа Үмбеталина, Виктор Васильевич Нечаев, Қайыр Қыдырбаев сияқты соғыс ардагерлерімен қатар тұрып еңбек етіп, мұнай өнеркәсібін дамытуға бар ғұмырларын арнаған компаниямыздағы 43 тыл ардагерлерінің де тұлғасы дара, өмір жолы тұтас тарих. Өлкенің тарихы, мұнайдың тарихы... Азаматтық арды ту етіп, ортасына елеулі де қалаулы болған сондай жандардың бірі - Ақдәулет Шопашұлы.**

Сексен алты жастағы еңбек ардагері соғыс басталғанда 6 жастағы өрімдей бала болатын. «Фронтқа ет, сүт, жылы киім дайындау жұмыстарына тартылып, колхоздың малын бағыстым. Қой қырқу, шөп шабу, бидай, қауын-қарбыз, жоңышқа өнімдерін даярластық, жас шамамызға қарай күні-түні жұмыс істедік,- дейді Ақдәулет ата. Жұбайы Айман Төлегенова апамызбен 4 қыз өсіріп, олардан тараған немере, шөберенің қызығын көріп отырған қария қазіргі бейбіт заманға шүкіршілік етеді.

Ашхабад облысы, Тәжен қаласында дүниеге келген Ақдәулет Шопашұлы қаршадайынан ата-анадан жетім қалып, аға-жеңгесінің қолында тәрбиеленеді. Соғыс жылдары колхоздағы қосалқы жұмыстарды атқарып жүріп аудандағы №2 орта мектептен он жылдық білім алып шығады. 1955 жылы Ашхабад қаласындағы қаржы техникумына оқуға түскен ол «бюджеттік жоспарлау» бөлімін үздік дипломмен бітіріп, ТССР Қаржы Министрлігінің жолдамасымен Красноводск қалалық қаржы бөліміне салық және дайындау инспекторы болып еңбек жолын бастайды. Еңбек ете жүріп Ленинградтағы Қаржы және экономика институтынан да білімін жетілдіріп алған жас маман өзінің еңбекқорлығының арқасында 1959 жылы Мемлекеттік кірістер инспекциясының Красноводск қалалық және аудандық бөліміне жұмысқа орналасады. Аянбай еңбек етіп, әбден шыңдалған оның жігері басшылық лауазымдарға жол ашып , инспекторлықтан салық және алым жөніндегі аға экономист, бөлім басшысы қызметтерін атқарады.

1963 жылы елге бетбұрған ағамыз Таушық елді мекеніне көшіп келеді. Білікті маман Маңғыстау аудандық қаржы инспекциясында экономист, Форт-Шевченко қалалық қаржы инспекциясының бюджеттік жоспарлау бөлімінде аға экономист болып еңбек етті. Бір жылдан соң Ақтау қалалық қаржы инспекциясына аға экономист болып ауысқан Ақдәулет Шопашұлы 1963 -1965 жылдардағы қала бюджетін жасауға атсалысқандардың бірі.

«Ақтау – менің көз алдымда қалыптасып, қарқынды дамыған ыстық қала» - деп ерекше тебіреніспен еңбек жолын есіне алған ардагер кейін, 1966 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына келеді. Автотранспорт мекемесінде аға инженер, экономист, жоспарлау тобының жетекшісі, еңбек және жалақы бөлімінің бастығы қызметтерінде болып құрметті еңбек демалысына шыққан еңбек адамы бастауыш партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымының төрағасы, халықтық бақылау комитетінің төрағасы секілді қоғамдық қызметтерді де қоса атқарды.

Еңбегі еш ескерусіз қалған жоқ. Қазақстан мұнай-газ саласын қалыптастырудағы және дамытудағы елеулі еңбегі үшін, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, Маңғыстау облысының өндірістік күш-қуаты мен әлеуметтік дамуына зор еңбек сіңіргені үшін «Еңбек ардагері» медалі, Маңғыстау облысының, Қазақ ССР-ның СССР-дің Халықтық бақылау комитетінің Мақтау грамотасы, «СССР мұнай өндірісі министрлігінің үздігі» төсбелгісі, басқа да мерекелік медальдар - сол еңбегіне берілген баға!

Ардақты ақсақалдың тілегі – біреу. «Тәуелсіз еліміз аман болып, болашақ ұрпақ соғыс отын көрмесін. Ел болашағы – жастардың ғұмыры ұзақ болып, еліне қалтқысыз қызмет етіп, бейбіт заманда өмір сүрсе екен деп тілеймін» - дейді ол.

**Лаура Жолдыбаева**

*7 мамыр - Отан Қорғаушы күні*

# САРБАЗ БОЛУ ӘР ЖІГІТКЕ ЖАРАСАДЫ!



**7 мамыр — Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы өзгеше күн. Дәл осы күні Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен мемлекетіміздің Қарулы Күштері құрылып, содан бері Отан қорғаушылар күні ретінде мерейлі мерекелер қатарынан орын алды. Шындығында, кез келген мемлекеттің мәртебесін арттырып, жасампаз халқының жарқын болашаққа деген сенімін нығайтуда, сонымен бірге, ел экономикасының серпінді дамуын қамтамасыз етуде құрыштай шыныққан әскерінің алатын орны қашанда ерекше.**

**Мереке қарсаңында 1992-1993 жылдары 66/79 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеген «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелер маманы Әнуарбек Тілектесұлымен әскердегі өмір жайында әңгімелескен едік.**



– Атам Ізбас Қалмырзаев – соғыс ардагері. 1942 жылы Таушық ауылынан соғысқа аттанған. Атамның соғысқа кетердегі аманатын әжем: «Ол соғысқа кеткенде аяғым ауыр еді. Оның «құрсақтағы ұл болса да, қыз болса да атын Тілектес қоярсың, тілекші боп жүрсін» деуі бекер емес-ті» деп әлі күнге дейін айтып, еске алады. Періште тілек қабыл дей ме, әкем дүниеге келген соң, әйтеуір атам соғыстан 1947 жылы аман-есен оралды ғой, - деп Әнуарбек аға майдангер атасы жайында сөз қозғады.

«Ол кісі зұлмат соғыста танкист болған екен. Ленинград қоршауындағы айқаста 4 танкіні немістер бомбалаған кезде аман қалыпты. Кейін Германия, Польшаға дейін барып, жеңісті күндерді жақындатуға күш салған, бейбіт өмір үшін күресе білген хас батыр еді», - деп мақтанышпен еске алды.

Әнуарбек Тілектесұлы өзі де әскер көріп, жауынгерлік сынақтан өткен. Ол 1992 жылы әскер қатарына шақырылып, ант қабылдап, сарбаздар сапынан табылыпты. Қару асынып, қанша қиын болса да темірдей тәртіпке бой үйреткен екен. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын-қыстау кезеңінде әскери міндетті өтеу де оңайға соқпаған. Маңғыстаудан аттанған 60 бозбаланың қатарында 1,5 жыл әскери борышын өтеді.

– Әуел баста әскери комиссариатқа шақырылған кезде менің көлік жүргізу куәлігім болғандықтан Ішкі әскерге жүргізуші қажет деп Павлодар қаласына жолдады. Бірақ мен жастайымнан спортқа бейім болғасын десанттық әскерге барғым келген еді. Сонымен жоғарыдағы жағдаймен Павлодар маңындағы 66/79 әскери бөлімшесіне түстім. Осы бөлімнің 3 ротасында қатаң режимдегі түрмені күзеттік, - деген Әнуарбек әскерде жүргенде ауылдағы өмірдің кеңшілігін де жиі еске алғанын айтады. «Еден жуып, ине ұстап, тігін тігуді үйрендік. Қатаң тәртіпке бойұсындық», - деп әскер сапынан шынығып, шырығып келгенін жеткізді.

– Әскер – өзінше бір өмір мектебі. Сарбаз сапында болған бозбала бірден есейіп, жауапкершілігі артады, сонымен қатар, қиянда жүріп туған-туысқандарына, жақындарына деген сыйластығы да нығая түседі. Бұл мінез-құлық жағынан болса, екіншіден, қолында әскери билеті бар азаматқа жұмысқа орналасу, қалаған мамандығының иесі болу да жеңілірек тимек, - дейді ол.

Сөз соңында Әнуарбек Тілектесұлы мерекеге орай оқырмандарға ізгі тілегін жеткізді.

– Ең бастысы егемен еліміздің көк туы төмен түспей, айбынымыз асқақтай берсін. Өсіп келе жатқан ұрпақтарымыздың жүрегі ел деп соғып, тәуелсіздігіміздің тұғыры бекемделе түссін. Ал, Отан қорғаушыларымыздың еңбегі әрдайым еленіп, әскери қызметтің мәртебесі арта берсін деп тілеймін. Өйткені, әскері мықты ел – қуатты ел болары белгілі. Ал, қуатты елдің қашанда іргесі бүтін, халқы бақытты болатыны сөзсіз…



**Жаннат КЕМАЛ**

*Еңбек адамы*

# АТА КӘСІП – ҰРПАҚҚА НӘСІП

**«Қос әкеден ұстаздық көріп өстім» деп әңгімесін бастаған Елеместің хикаясы бізді «әп дегеннен» қызықтырды. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты Қабат қысымын ұстау цехының мамандары Қылыш Арысов пен Елемес Құлшабаевтың әкелі-балалы әдемі қарым-қатынасына қызыға қарайтын жанның қарасы көп бүгінде...**

«Еңбек жолымды 2008 жылы мұнаймен ластанған топырақты тазалау учаскесінде мұнай тазалаушы боп бастадым. 2015 жылы қабат қысымын ұстау цехына ауысқанымда жылы қабақ, ыстық ықыласпен қабылдаған Қылыш аға еді. «Әкеңнің жақсылығын көп көріп едім, ұстазым болды» дегені есімде. Осы бір кісіліктен, азаматтық қамқорлықпен айтылған жылы сөз өзіммен бірге өмір сүріп келеді. Қазақта «жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық болады» деген ұлағатты сөз бар ғой. Әкем Төлеғұс Құлшабаев талай жыл мұнай саласында еңбек етіп, өмірден өтті. Әкемді өзіне ұстаз тұтқан Қылыш аға қазір маған өндірісте де, өмірде де ұстаз», - дейді Елемес Құлшабаев.



«Ең қызығы, Қылыш аға мен жұбайы Айгүл апа шаңырақ көтерген күні мен дүниеге келген екенмін. 1989 жылы өндіріс ошағы қос маманды табыстырып, бір бүтін етіп, бүгінде үбірлі-шүбірлі әулет боп отыр. Әкем марқұм Қылыш ағаны үнемі аузынан тастамайтын. Отбасымызбен жақсы араластық. Міне, енді араға ұзақ жыл салып, сол кісімен өндірісте қатар қызмет істеймін деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмепті», – деп ерекше ықыласпен өткенге ой жүгіртті.

Ұстазы туралы ұзақ әңгімелеген жас маманның жылы лебізіне сүйсінбеу мүмкін емес. Әке бойындағы қадір-қасиеттерді Қылыш ағадан көретінін айтып, әріптес аға жайында сөзін жалғады:

«Қылыш аға – тым қарапайым. Бос сөз, бөспе әңгімені ұнатпайды. Құр мақтан, дабыралатып дарақы сөйлеу ол кісінің табиғатында жоқ. «Еңбек ері» деген елеулі атағы бар. Кенорнындағы кез-келген мәселеге жауапкершілікпен қарауды, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды қадағалап отырады. Мұнай саласына өмірін арнаған майталман маман ғой, ол кісінің қасында қанаттасып қатар жүру мен үшін үлкен мақтаныш».

Елемес Төлеғұсұлы – бүгінде Құдай қосқан қосағымен 3 бала тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі. Таңмен таласа тақтайдай жолмен Жетібайдағы нәпақа айырған кеніішіне асығу бүгінгі жас маманның мақсат-мұратын алға жетелейді. «Ұжымда 10 адамбыз, әсіресе цех басшылары Мәди Кентанов, Алшынбек Түйешиев, Наурыз Сиықовты ерекше атап өткім келеді. Жұмысшыларға үнемі қолдау көрсетіп, жүйелі нұсқау бере алатын басшылар барда өндіріс қарқыны бәсеңдемейді деп ойлаймын. Ұстазым, әрі әкемдей боп кеткен Қылыш ағаның мен үшін орны қашанда бөлек», - дейді Елемес. Шәкірті шын мақтаған ұстазбен біз де аз-кем дидарласқан едік.

Қылыш Арысов 1960 жылы туған. Бүгінде ҚҚҰЦ-ның аға шебері. Жылдармен жиған тәлім-тәжірибесін айтпағанда, Арысовтар әулетін мұнайшылар династиясы деуге әбден лайық. Әкесі Таңатар Есентеміров Бұрғыларды күрделі жөндеу мекемесінде ұзақ жыл бұрғышы болды. Бір әке, бір анадан өрген өнегелі ұрпақ әке аманатын арқалап, бүгінде бұрғылау жұмыстарының басы-қасында еңбек етіп жүр. Ұлы оператор. Жұбайы Айгүл Нұрғазиева да мұнай және газ өндіру цехында ұзақ жыл технолог боп қызмет істеген. Қылыш ағаға Алла амандық берсе 2 жылдан кейін құрметті еңбек демалысының төбесі көрінгелі тұр. Ұзақ жыл ғұмырбаянында өндірісте өкшесін басып қызмет қылған жастарға білгенімен бөлісті, білмегенін үйретті.

«1983 жылы әскерден оралған соң, мұнай және газ өндіру цехына оператор боп жұмысқа тұрдым. Сол кезде цех бастығы Қалбай Ізмұханов болатын. Үзеңгілес әріптестердің абыройын өз абыройымыздай көріп қуанамыз. «Батырға оң мен солы бірдей» демекші, кез-келген жұмысты зор жауапкершілікпен жасасаң, жемісі мен жеңісі де соғұрлым мол болмақ», - дейді аға шебер.

Бүгінде ағаны ұстаз тұтатын әріптес, жора-жолдастың қатары көп. Көкейдегісін ашылып көп айта бермейтін жанның жақсы қырын шәкіртінің жылы лебізінен-ақ аңғардық. Ұстазының ұлына ұстаз боп, әдемі сабақтастық буынын қалыптастырған жайсаң жандардың бүгінгі хикаясы осымен тәмам.

Қара алтын қазып, түн қатып, мұзға тоңып жыл он екі ай кеніште өткен өндіріс майталмандарының еселі еңбегін жарыққа шығаруда біз қашанда сапқа тұрамыз.

**Жаннат КЕМАЛ**

---

# ТАҢДАУЫМА ӨКІНГЕН ЕМЕСПІН

**Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 4-ші дәрежелі газбен кесушісі Әйкен Бұрқұлов - өз ісінің кәсіби шебері. Оның еңбек жолы - мақсатқа жетудің, жоғары кәсібиліктің және кәсіпке адалдықтың үлгісі. Осы кәсіптегі 40 жылға таяған тәжірибесі және шеберлігі өте күрделі апатты жағдайларда да сенімді қимылдауға мүмкіндік береді.**



Еңбек жолы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-мен біте қайнасқан кейіпкеріміз кәсіпорында отыз жыл электргазбен дәнекерлеуші болып еңбек етеді. Кейін газбен кесу ісіне ауысқан ол екі қызметтің бір-бірімен тығыз байланысты екенін алға тартты. Бір қарағанда, электродтан шығатын ұшқындарды көргенде жұмыс жасауда пәлендей қиын ештеңе жоқ сияқты болып көрінеді, бірақ дәнекерлеу ісі шыдамдылық пен табандылықты, қолдың дәлдігі мен икемділігін, физикалық тұрғыдан төзімділікті, түрлі металлдардың қасиетін, оларды кесу, пісіру, өңдеу технологияларын жақсы білуді талап ететінін ұмытпауымыз керек.

Әйкен Тіретханұлы Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай кентінде 1965 жылы дүниеге келген. Әкесі Тіретхан ЖУТТ мекемесінде жүргізуші, анасы Тыныштық үй шаруасында бес бала тәрбиелеп өсірген қарапайым отбасы. «Мен туып-өскен шағын кентте мұнайшылар кәсіпорны орналасқан. Бала кезімде сол жерде жұмыс жасайтын көршілердің аяқтан нық тұрып жатқанын көріп, мұнай-газ саласында жұмыс жасауды армандадым. «Маңғыстаумұнайгазда» жұмыс жасау, қаражат табу және ата-анама қамқор болу, олардың батасын алу балалық арманым болатын. Осы балалық арманыммен мен өндіріс саласына келдім» - деп Әйкен Тіретханұлы өзінің еңбек жолындағы алғашқы қадамымен бөлісті.

Әйкен Бұрқұлов Жетібай кентіндегі №3 орта мектепті 1982 жылы бітірісімен НГДУ мекемесіне оператордың көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Жастайынан ата-анаға қамқор болуды көздеп, табыс табуға құлшынған балаң жігіт сол жылы әскерге шақырту алады. Екі жыл Отан алдындағы борышын Ресейде өтеп келген ол НГДУ-дағы жұмысына қайта оралып, еңбек пен білімді қатар ұштастыра жүріп, электргазбен дәнекерлеуші мамандығын игеріп алады. Білек күшін талап ететін мамандықты жүрексінбей таңдаған Әйкен оның қиындығы мен қырсырын өндірісте жүріп меңгереді. Бірнеше жылда біліктілігін төртінші деңгейге көтерген әріптесіміз еңбектегі жетістіктері үшін Құрмет грамоталармен, төсбелгілермен марапатталған.

– Мамандықтың оңайы жоқ. Әрбір істің өз қиыншылығы бар. Мен ешқашан таңдауыма өкінген емеспін. Қайта мақтан тұтамын. Біздің жұмыс асқан жауапкершілікті талап етеді. Әріптестеріммен бірге мұнай құбырларын жөндеп, ақауларды жоямыз. Металл конструкцияларына, тұрба құбырларына түрлі деңгейдегі жұмыстар жүргіземіз. Ұжымымның ауызбіршілігі жоғары. Мұнда өз ісінің шеберлері көп. Тұрбаларды дәнекерлеу процессіне дайындау – ұжымдық жұмыс болғандықтан оған желілік құбыршылар, газбен кесушілер және электргазбен дәнекерлеушілер қатысады. Қателіктерге бой алдырмаудың маңызын түсіне отырып, ортақ нәтиже үшін жұмыла білу – басты міндет. Бізді біріктіретін де осы мақсат» - дейді ол.

Әйкен ағамыз бүгінде мамандығына әбден төселген. Дәнекерлеуді, газбен кесуді жастарға үйретіп жүрген еңбек адамының арманы асқақ. Маңдай термен тапқан несібесі бүтін бір отбасының еркін тұрмыс-тіршілігіне жеткілікті екенін айтады. Ұл мен қыз тәрбиелеп өсірген берекелі шаңырақта бүгінде екі немере өсіп келеді.

- Жақын ұжымымды, барлық әріптестерімді биылғы Маңғыстау мұнайының 60 жылдығымен құттықтаймын! Жаңа еңбек жетістіктерін, мықты денсаулық, амандық, бақыт және жақсылық тілеймін. Әлемді билеген үрей тез сейілсін. Өндірісте еңбек ететін әр адам ризашылықтың ең шынайы сөздеріне лайықты. Біз өзіміздің ортақ үйімізді – компаниямызды мақтан тұтамыз. Әдеттегідей, мұнда келген адам, осында біржола қалады. Әр адамның үйі қуанышқа, берекеге және сүйіспеншілікке толы болсын!, – деп ақжарма тілегін арнаған мұнайшы аға ілтипат танытып, бізбен жылы қоштасты.

**Лаура Жолдыбаева**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# АДАЛ ІСІНЕ СЕНГЕН АЗАМАТ



Ол бала кезден Шағадам маңында Қаратаудың биіктеріне ұмтылып - төзімділікті көрі Каспий толқындарымен алысып, жағалауында асыр сала жүріп дархандықты, кеңдікті үйреніп өскен. Кейіпкеріміз Марат Досбосынұлы Чиракбаев мектеп бітірген соң Жаңаөзен қаласындағы мұнай-газ колледжіне түсті. Қоғамда онсыз қалыпты даму және прогресс болуы мүмкін емес монтажшы кәсібін игерді. 2006 жылдан бері компанияның Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінде сыртқы құбыр монтажшысы болып жұмыс істейді. Маңғыстаудың қысы-жазы бірдей соғып тұратын аласапыран желіне, шаңды дауылына қарамай бірнеше тонналық көтергіш кранның көмегімен құрыштай қайратты азаматтардың шеберлігін талап ететін күрделі іс - мұнайгаз құбырларын монтаждайды. Марат бұл жұмысты аға буын монтажшылардан үлгі алып, тізе қоса жұмыс істей жүріп, шеберлігін шыңдады. Сыртқы құбырларды салу және жинақ коллекторлары, арналар, камералар және барлық түрдегі арнаулы құдықтарды құру жұмыстарын монтажшылар қажетті орнына қойып монтаждайды. Звено мүшелері бір адамдай үйлесімді қимылдай отырып жұмыс жүргізеді. Бұл жұмыс - қара күштен гөрі ептілік пен зеректілікті қажет етеді. Құбыр астына салынатын негізге, құбырлар, коллекторлар, арналар, камералар және құдықтардың қоныштары мен жіктерін бітеуге қойылатын талаптарды, такелаждық жұмыстарды орындау, құбырға ауырлататын жүктерді ілу, жерасты құбырлары мен кәбілдерін ілдіру, құбыр жуу ережелері мен тәсілдерін жетік меңгерген. Осының барлығын артынан ерген жастарға үйретіп келеді. Марат жұмыс жүргізудің технологиясын жақсы білетін тәжірибелі жұмыскер ретінде шебердің де қызметін қоса атқарады. «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен, Құрмет грамоталармен марапатталып, ұжымдағы озат жұмыскерлер қатарынан көрініп жүр.

«Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Марат еңбек ете жүріп шыныкты, мінез-құлқы қалыптасты. Тапсырылған істе табандылық пен ынтажігерді, құндылықты, тындырымдылық пен жауапкершілікті көрсете білді. Ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа, шаттыққа бөленді. Зайыбы Оңайша екеуі айрандай ұйыған, тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп жүрген карапайым қазақ отбасылардың бірінің алтын тіреу діңгегі болып, ұрпақ өсіріп, оларға жақсы өнеге көрсетіп келеді. Үйдің басты қызығы – балалары Нұрбибі, Нұрлан, Бауыржан тәрбиелі, білімді болып өсіп, алды еңбекке араласты.

Талап пен адал еңбектің берекетін бағалай білген азамат әрқашан өмірде құрметке бөлене бермек.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# ҚҰБА ЖОННЫҢ ТӨСІНЕН СҮРЛЕУ САЛҒАН

Жетібай кенорнында орналасқан «Жетібай технологиялық көлік басқармасы» – «Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі өндірістік бөлімшелерінің бірі болып саналады. Бұл технологиялық көлік басқармасы ең алғаш 1963 жылы АТК ОМН, 1974 жылы ЖАТК ОМН атымен құрылған болатын. Әр жылдары кәсіпорынды И.Пенский мен В.Бакировтар сынды өз мамандығының хас шеберлері басқарды. 1972 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік басқармасының (бұдан әрі - «Маңғыстаумұнайгаз» ӨБ» бұйрығымен Жетібай технологиялық көлік басқармасы болып бөлініп, жеке заңды тұлға мәртебесіне ие болды. «Маңғыстаумұнайгаз» ӨБ Жетібай кенорнын арнаулы көліктермен қамтамасыз етіп отырған негізгі еншілес кәсіпорын - Жетібай технологиялық көлік басқармасы болып табылады.

Жаңа технологиялық көлік басқармасының сол кезде алдына қойылған негізгі міндеттері Жетібай кенорнындағы тапсырыс беруші мекемелердің арнаулы және технологиялық техника сұраныстарын қамтамасыз ету, Асар, Оймаша, Алатөбе, Солтүстік Қарақия, Атанбай, Аққар, Оңтүстік Жетібай, Бұрмаша, Айрантақыр сияқты алыс жақын кенорындарына қызмет көрсету және техника санын көбейтіп, қызмет аясын ұлғайту болды.

2005 жылдары аралығында Жетібай кен орнында тәулігіне 4500 тонна мұнай өндірілді. Осындай ауқымды жұмыс көлемін қаматамасыз етіп, арнаулы және технологиялық техникалармен қызмет көрсетуді басқарма толықтай өзі атқарды. Сонымен қатар кәсіпорын бірнеше жылдар бойы Қарақия ауданының шаруашылық және әлеуметтік мәселелерін шешу ісіне де белсене араласты.

Табиғаты өте қатал, қысы - желді қара суық, лай балшық, жазы - аптап ыстық және құрғақшылық аймақта жұмысшылар ауыр еңбек жағдайларына қарамастан нағыз ерліктің үлгісін көрсетіп, күні-түні аянбай еңбек етті. Басқарманың құрылған күнінен бастап қызмет орнына кәсіби құзіреттілігі жағынан және тәжірибелік тұрғыдан білімі мол мамандар - инженерлер, жұмысшылар қабылданған болатын. Олардың ішінде жастарға үлгі болып, жұмыстың қыр-сырын жетік меңгерген қызметкерлерді құрметпен атап өтуге болады. Олар: С.Абдратов, Ж.Төлембетов, Т.Мусин, О.Игильманов, Т.Әбішев, М.Сүйжанова, Т.Төлешов, А.Танбаев, С.Дүзенов, А.Епенов, А.Көшен, А.Тұрабаева, Қ.Кулчабаев, А.Дюсебаев, Қ.Сенгирбаев т.б.



Жетібай технологиялық көлік басқармасы құрылған күннен бастап бірінші басшы болып А.Жакулаев тағайындалды. Одан кейінгі жылдары мекеменің еңбек ұжымын Е.Баймағанбетов, С.Сиыхов, Б.Мырзабаев, Қ.Сатмағанбетов, А.Қуттымұрадов, Ж.Мәліков, Ғ.Идрис, Н.Құрмашев сияқты тәжірибесі мол басшылар жетекшілік етті. 2012 жылдан бастап басқарманы осы күнге дейін С.Сеңгірбаев басқарып келеді.

Қазіргі таңда Жетібай технологиялық көлік басқармасы 4 автотізбектен және өндірістік жөндеу цехынан тұрады. Мекемедегі техника саны 352-ге жетсе, қызметкерлер саны 700-ге жуықтады.

2002 жылы көлік мекемеріндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты үш мекеме – «Жетібай технологиялық көлік басқармасы», «Бозашы технологиялық көлік басқармасы», «Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы» біріктіріліп «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС деген үлкен бір мекемеге айналды.

2011 жылы «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ құрамына енгеннен кейін серіктестікте еңбек жағдайы жақсаруы, техникаларды жаңарту, қызметкерлердің әлеуметтік хал – ахуалы деңгейінің көтерілуі секілді көптеген жағымды өзгерістер болды. Соңғы үш жылдың ішінде Жетібай технологиялық көлік басқармасында паркті жаңалау жұмыстары жүргізілді: 114 автокөлік және арнаулы техника алынды, сондай – ақ автокөлік құралдарына 358 «GPS» «АСКАТ» автоматтандырылған көлікті қашықтан бақылау жүйесі орнатылды. Осы автоматтандырылған бақылау жүйесінің арқасында 2012-2014 жылдары серіктестікте жол-көлік оқиғаларының саны едәуір төмендеп, жанар-жағармайды үнемдеуге қол жеткізілді.

Мекеме қызметкерлерінің еселі еңбегі елеусіз қалған емес. Үнемі тынбай еңбек етіп, үздік жетістіктерді иеленгендер басшылық тарапынан лайықты бағаланып, көтермеленіп отырады.

Қашанда өзінің салалық міндетіне жауапкершілікпен қарап, сапа мен еңбек тәртібін бірінші орынға қоятын Жетібай технологиялық көлік басқармасының ұжымы алдағы уақытта да осы бағытынан айнымай, өлкеміздегі «қара алтын» өндіру ісіне өз үлесін қоса бермек.

«Ойл Транспорт Корпорейшэннен» Жетібай технологиялық көлік басқармасы, Бозашы технологиялық көлік басқармасы 2018 жылдың 1шілде күнінен бастап, 2023 жылға дейінгі мерзімге 5/50 бағдарламасымен бес жыл мерзімге сенімді басқару мекемелеріне берілді, яғни Жетібай технологиялық көлік басқармасы ЖШС "West Oil Software" мекемесіне берілді.

Қазіргі таңда Жетібай технологиялық көлік басқармасы СБ ЖШ "West Oil Software" серіктестігі «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, ЖШС «Oil Services Company», ЖШС «Oil Construction Company», ЖШС «Мангистауэнергомунай» мекемелерінен тапсырыс алушы ЖШС «Ойл Транспорт Корпорейшэн» компаниясымен қоянқолтық жұмыс атқарып, алдына қойылған барлық міндеттерін толық орындау арқылы тапсырыс беруші мекемелерінің сұраныстарын күні-түні аянбай артығымен орындап келеді.

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАДАҒАЛАУ – БАСТЫ ОРЫНДА



Киелі өлкенің дамуында «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-нің алатын орны ерекше. Тарихы сонау 1995 жылдан бастау алған, әуелгі кезде Цех деңгейінде құрылған еңбек ұжымы бүгінгі таңда «КМГ»ҰК АҚ құрамындағы мұнай-газ кен орындарындағы электр жабдықтарына қызмет көрсететін нарық талабына сай арнайы мамандандырылған компанияға айналып отыр.



«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС ұжымы қазіргі таңда 2017 жылы қолданысқа енген «Қазақстан Республикасы қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі салаларындағы заңнамаларының, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері» талаптарына сәйкес жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Аталмыш мекемеде төрт жүздің үстінде - жұмысшы, қызметкерлер еңбек етуде.

Серіктестік әкімшілігінің өндіріс алаңдарындағы жұмысты ұйымдастырудағы негізгі бағыты Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 181-бабына сәйкес, жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес жабдықталған жұмыс орнына, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Осы аталған бағыттағы жұмыстарды қажетті деңгейде уақытылы ұйымдастырып, орындалысын қадағалап, өндірістегі қызмет мамандарымен бірігіп атқарып отырған «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-не қарасты еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Соның ішінде:

- өндірістегі жұмыстардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау; - өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі салаларындағы заңнамаларының, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері талаптарына сәйкес атқарылуын қамтамсыз етуді бақылау;

- адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ететін зиянды қалдықтарды жою;

- өндірістегі мүмкін болатын қауіпті жағдайдың алдын-алу, оны анықтау, жою арқылы қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау;

- өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша үлгілі іс әрекеттермен, жұмысшылардың қауіпсіз жұмыс атқару мәдениетін қалыптастыру;

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы жұмысты жақсарту мақсатында барлық жұмысшыларды тұрақты оқыту мен біліктілігін арттыру болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтау мен бақылау мақсатында 2020 жылы «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы А.С.Айдарбаевтың жолдауына сәйкес «2020 жыл қауіпсіздік жылы» болып белгіленген болатын. Осыған орай «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-де еңбекті қорғау мен өнерекәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары жасақталып, еңбек қауіпсіздігін ұдайы басты назарда ұстап бірқатар жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде 2020 жылы «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-де жазатайым және төтенше оқиғалар тіркелмеуіне қол жеткізілді.

Компания мамандары заманауи технологияларды игеру мен меңгеруде көптеген жетістіктерге қол жеткізуде. Соның бірі LOTO құрылғысын ерекше атап өтуге болады. Бұл құрылғы электр-қондырғылардың ажыратылған коммутациялық аппаратын қате немесе өздігінен қосылып кетуіне рұқсат бермейтін құлыптау құрылғысы. Негізгі мақсаты – қауіпсіздік жағдайын туғызбауға, адам қолынан болатын қателікті болдырмауға негізделген құрылғы. Аталған құрылғыны 2017 жылдап бастап қолданысқа енгізудің нәтижесінде, өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау көрсеткіші жоғары деңгейге көтерілді.

Сондай- ақ мекеме қызметкерлеріне жұмысқа арналған биіктіктегі қорғаныс



белдігін және лаз құрылғысын кезекті сынақтан өткізуге арналған механикалық сынақтау стендісі Қаламқас және Жетібай кен орындарында іске қосылып, аталған қорғаныс құралдарын өндіріске кедергі келтірмей жедел түрде сынақтан өткізу мүмкіншілігіне қол жеткізілді.

Сонымен қатар аталған кен орындардағы жасақталған техника қауіпсіздік сыныбында арнайы заманауи жаңа үлгідегі практикалық тұрғыдан алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған жүрекке тікелей емес жасанды массаж жасау МАКСИМ-III маркалы тренажері сатып алынды. Ол өз кезегінде электр техникалық қызметкерлердің жұмыс орнынан ұзамай кез келген уақытта өзінің медициналық алғашқы көмек көрсету біліктілігін арттыруға септігін тигізіп отыр.

Компания басшылығының қолдауымен алдағы уақытта қауіптілігі жоғары жұмыстарға арналған наряд-рұқсаттама жүйесін заман талабына сай, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, қызметкер тарапынан болатын қателіктерге жол бермеу мақсатында электронды жүйеге ауыстыру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалардың талаптары Серіктестіктің ұстанып отырған саясатыда белгіленген тәртіппен қатаң сақталып және қолданылып келеді. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімі мамандары осы талаптардың орындалысын жүйелі түрде ұйымдастырып, еңбек қауіпсіздігі мен техникалық қауіпсіздігін, және қоршаған ортаны қорғауда басты қағидаларға сүйене отырып жұмысты жүргізіп келеді.

Компанияда жыл сайын 28-сәуір бүкіл әлемдік еңбекті қорғау күніне өндірістік нысандардағы әр учаскелерде, бөлімдерде ынталандыру мақсатында сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталып марапаттау рәсімі ұйымдастырылып отырады.

Осы орайда ұжым атынан барлық сала қызметкерлерін, өндірістегі жұмысшыларды, қызметкерлерді бүкіл әлемдік еңбекті қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз, олардың еңбекте қауіпсіз қызмет атқара отырып, толағай табысқа жетуіне тілектеспіз!

**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің Қ,ЕжҚОҚ ұжым мамандары**



# ПАРАСАТТЫ АЗАМАТ ЕДІ

«Мұнайтелеком» ЖШС ұжымы ұзақ жылдар серіктестікте басшылық қызметте болып, кәсіпорынның еңсесін көтеруде өзіндік қолтаңбасын қалдырған айтулы азамат Аманбаев Құлхайыр Тәжіғұтұлының қайтыс болуына орай, туған-туысқандары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтады.

Құлхайыр Тәжіғұтұлы керемет талантты кәсіпқой, ұйымдастырушылық қабілеті мықты өз ісінің маманы еді. 2000 жылы «Мұнайтелеком» ЖШС-де қызметін директордың техникалық мәселелер жөніндегі орынбасарлығынан бастады. 2001 жылы Құлхайыр Тәжіғұтұлы «Мұнайтелеком» ЖШС директоры болды. 2016 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін директордың кеңесшісі қызметін атқарып келді. Кәсіпорында жұмыс істеген уақытында 2007 жылдан 2012 жылға дейін Ақтау қалалық мәслихатының депутаты болды.

Бүгінгі күнге дейін ол компанияға абыроймен жұмыс істеді. Өзінің еңбек жолында біраз марапаттарға ие болған: Соның ішінде - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хаттарымен (2005, 2011 жж.); «Маңғыстау облысының Ақтау қаласының Құрметті азаматы» атағымен; «Маңғыстау облысының 35 жылдығы» төсбелгісімен; «Қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша мінсіз қызметі үшін» 3-ші және 2-ші дәрежелі медалімен; «Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына» арналған мерейтойлық белгімен; «ҚР мәслихатының 20 жылдығына» мерейтойлық медальмен; «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен; - ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен; 2016 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» медалімен; 2019 жылы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алғыс хатымен; 2021 жылы «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Бірге жұмыс істеген уақыт ішінде ол кісі біз үшін шынымен жақын адам болды. Көпті көрген көңіліне көп нәрсені түйген, жаны жайсаң, кішіпейіл адал еңбегімен абырой биігіне көтерілген азамат болғанын нық сеніммен айта аламыз.

Адал еңбек еткен, өнегелі ісі көпке үлгі болып, артына тәрбиелі із қалдырған, жан-жағына сыйлы да ардақты болған Құлхайыр Тәжіғұтұлының есімі ешқашан ұмытылмайды. Ағамыздың мәңгілік мекені жарық болып, нұры пейіште шалқысын!

**«Мұнайтелеком» ЖШС**

*Ставка на перспективу*

# ВЕКТОР РАЗВИТИЯ

**Как известно, мы живем и работаем в век новых технологий и инноваций. На смену морально устаревшим системам приходят более современные и эффективные. В этой связи возникает необходимость внедрения новых технологий в производство.**




По техническому заданию Правления АО «Мангистаумунайгаз» в 2019 году на месторождениях Каламкас и Жетыбай начаты и продолжаются работы по реконструкции системы телемеханики. Закладывается базовая инфраструктура автоматизированной системы управления технологическим процессом (АСУТП), которая позволит в ближайшем будущем решать множество задач на уровне Центра управления месторождением.

Целью и задачами проекта является повышение эффективности производства за счёт получения достоверной информации с технологических объектов; оптимизации режимов работы технологических объектов добычи нефти и газа, внутрипромыслового сбора, транспорта и подготовки товарной нефти; повышения точности и оперативности измерения параметров технологических процессов.

Кроме того, данные технологии исключают риск возникновения аварийных ситуаций и снижают экологические риски.

Департаментом автоматизации информационных технологий и связи были инициированы работы по проектированию инфраструктуры серверного помещения в головном офисе АО «Мангистаумунайгаз». В 2020-2021 годах проведены работы по модернизации серверного помещения в соответствии с Требованиями к системам бесперебойного функционирования технических средств АСУТП в соответствии с Едиными требованиями РК в области в информационно-коммуникационных технологий и обеспечения информационной безопасности.

На сегодняшний день внедрены системы цифровой телемеханики в ЦДНГ-3 месторождения Асар, ЦДНГ-1 месторождений Жетыбайской группы, ЦДНГ-2 месторождения Каламкас. В настоящее время планируются начать работы по реконструкции системы телемеханики в ЦДНГ-2 месторождения Жетыбай, ЦДНГ-1 и ЦДНГ-3 месторождения Каламкас.

В 2022 году планируется реконструкция системы в ЦДНГ-4 месторождения Каламкас и модернизация системы в ЦППД Каламкас и Жетыбай с охватом объектов БКНС, ВНС. В 2023 году планируется оснащение системой учета и контроля объектов ЦПТЖ месторождения Каламкас. Так же планируется проведение модернизации инфраструктуры серверных помещений АО «Мангистаумунайгаз».

Безусловно, внедрение проекта позволит улучшить экономические показатели существующего производства АО «Мангистаумунайгаз», за счет реконструкции, модернизации, совершенствования техники и технологии отдельных элементов производства, управления.

**Департамент автоматизации информационных технологий и связи**

*Оқу-жаттығу*

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАЙЫҚ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті Өрт қауіпсіздігі қызметінің алдына қойған басты мақсаты - өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды қамтамасыз ету арқылы адамдардың өміріне, денсаулығына төнетін қауіптерді және Қоғамның, жеке адамдардың мүліктеріне келетін шығындарды мейлінше азайту.

Көктемгі-жазғы мезгіл басталысымен мекеме нысандарында өрттің пайда болу мүмкіндігі де арта түседі. Көп жағдайларда өрттің пайда болуына мына себептер әсер етеді:

- мекемеде белгіленген өрт қауіпсіздік тәртібін дұрыс сақтамау

-технологиялық режимнің бұзылуы

- дәнекерлеу және аса қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтамау



- электр құрылғыларының және тұрмыстық электр жабдықтарын дұрыс пайдаланбау

- арнайы темекі шегетін жерден басқа жерлерде темекі шегу және т.б.

Өрт қауіпсіздігі қызметі жұмысшылардың өрт-техникалық минимум сабақтарын ұйымдастырып, және оқытылу барысы қадағаланып отырады. 2020 жылы эпидемиологиялық жағдайдың ушығуына байланысты, және де мекемедегі шектеулерге байланысты ӨТМ сабақтары толықтай өткізілмей қалды. Соған байланысты 2021ж оқымаған жұмысшыларға қосымша тізім жасалып, оқытылуға дайындық жүруде.

Мекеме жұмысшыларымен және ерікті өртке қарсы жасақтармен өрт болған жағдайдағы алғашқы іс қимылдарын үйрету жағдайында, нысандарда оқу семинарлары өткізіліп тұрады. Қоғам нысандарын өрттен қорғаумен келісімшарт негізінде «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС өрт сөндіру қызметі айналысады. Мекеме нысандарында және де мердігер мекемелер аумағында «Семсер-ӨртСөндіруші» командасымен, басқада авариялық-құтқару қызметтерінің қатысуымен оқу - жаттығулары өткізіліп тұрады.

«Өрт – тілсіз жау» дегендей, бірақ та оның негізгі шығуына басты себептер – дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарын сақтамаудан, ток жүйелерінің қысқа тұйықталуынан, белгіленбеген жерде темекі шегу. Атамыз қазақта «Сақтансаң - сақтармын» деген сөз бар, сондықтан әркез өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап жүрсек, денсаулығымыз бен өмірімізге араша боламыз.

**Қуаныш Калниязов,**
**ЕҚжҚОҚД өрт қауіпсіздігі қызметінің 1-санатты инженері**

# СЕНБІЛІКТЕ СЕРПІН БАР



2021 жыл «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша «Экология жылы» деп жарияланды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен Жетібай мұнайының 60 жылдығы да тұспа-тұс келіп отыр. Аталған мерекелерге орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кең орындарында көгалдандыру жұмыстарын бастап кетті. Сәуір айының 12-13 жұлдызы аралығында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы сенбілік ұйымдастырып, өндірістік аймаққа 135 түп қара ағаш пен 65 түп жеміс ағашын отырғызды. Мұнайшылар ағаш егу шарасына бір кісідей қатысып, белсенділік танытты. Қолдарына күрек алған жұмысшылар вахталық қалашық аумағы мен өндірістік объектілер маңын қоқыстардан тазартты.

Бұл күні жетібайлық мұнайшылар да қарап қалмады. Әрбір цех маңайы көз тасасынан тыс қалмады. №1 МГӨЦ-на қарасты ТҚ-ға 40 түп қара ағашы, раушан гүлдері отырғызылды. №2 МГӨЦ маңына 26 түп қара ағаш, жаттығу алаңына – 34 ағаш, МКЖӨкКЦ-на қосымша раушан гүлдері отырғызылды. Осылайша сенбілік - жиналғандардың көңіл-күйіне сергектік сыйлады.








Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық; - Л.Жолдыбаева; - Ж.Кемал; - А.Ақшаева.
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000